

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің

№2 отырысының хаттамасы

Күні: 06.02 2026 жыл

Өткізілген орны: Айгөлек + мекеме Төбетайов

Қатысқандар саны: 8

Төрайымы: Г.Г. Қашымашев

Хатшысы: А.А. Құрметов

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық әдеп Кеңесінің типтік ережелерімен танысу.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Сөз сөйлеген: _____

Педагогикалық әдеп Кеңесінің типтік ережелерімен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Кеңестің негізгі міндеттері, жұмыс бағыттары, педагогтердің құқықтары мен міндеттері, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау талаптары түсіндірілді. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби қарым-қатынаста әдептілік сақтау, білім алушылар мен ата-аналарға құрметпен қарау, қызметтік әдеп нормаларын ұстану мәселелері айтылды.

Қаулы:

1. Педагогикалық әдеп Кеңесінің типтік ережелері педагогтерге таныстырылып, түсіндірілсін.
2. Педагогтер педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтасын.
3. Ұжымда өзара сыйластық пен кәсіби мәдениетті нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
4. Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуы бақылауда ұсталсын.

Төрайымы: _____

Хатшысы: _____

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің типтік ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің типтік ережесі мектепке дейінгі ұйымдарда, мектептерде және өзге де білім беру ұйымдарында педагогикалық әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында әзірленеді.
2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» Заңын, педагог мәртебесіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерді және педагогикалық әдеп қағидаларын басшылыққа алады.
3. Кеңес консультативтік-кеңесші орган болып табылады.
4. Кеңестің негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби этика нормаларын сақтауына ықпал ету, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру.

2. Кеңестің міндеттері

Кеңестің негізгі міндеттері:

- педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру және насихаттау;
- педагогтердің кәсіби мінез-құлқына байланысты мәселелерді қарау;
- педагогикалық ұжымда өзара сыйластық пен сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру;
- педагогтердің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға жәрдемдесу;
- педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- ата-аналармен және тәрбиеленушілермен мәдениетті қарым-қатынас орнатуға ықпал ету.

3. Кеңестің функциялары

Кеңес:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселелері бойынша өтініштерді қарайды;
2. Даулы жағдайларды талқылап, ұсыныстық сипаттағы шешімдер қабылдайды;
3. Педагогтердің әдеп нормаларын сақтау деңгейіне талдау жүргізеді;
4. Әдеп мәдениетін арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыруға ұсыныс береді;
5. Педагогтерге консультативтік көмек көрсетеді.

4. Кеңестің құрамы

1. Кеңес құрамына:
 - ұйым басшысы немесе оның орынбасары;
 - педагогтер;
 - психолог;
 - кәсіподақ өкілі;
 - қажет болған жағдайда ата-аналар комитетінің өкілдері енгізіледі.
2. Кеңес мүшелері ұйым басшысының бұйрығымен бекітіледі.
3. Кеңес төрағасы мен хатшысы Кеңес отырысында сайланады.

5. Кеңестің жұмыс тәртібі

1. Кеңес отырыстары жоспарға сәйкес өткізіледі.
2. Қажет болған жағдайда кезектен тыс отырыс ұйымдастырылады.
3. Отырысқа Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі.
4. Шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді.
5. Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

6. Педагогикалық әдеп қағидалары

Педагог:

- тәрбиеленушілер мен ата-аналарға құрметпен карауға;
- қызметтік әдепті сақтауға;
- сөйлеу мәдениетін ұстануға;
- педагог беделіне нұксан келтіретін әрекеттерге жол бермеуге;
- әлеуметтік желілерде педагог мәртебесіне сай мінез-құлық көрсетуге міндетті.

7. Қорытынды ережелер

1. Осы типтік ереже білім беру ұйымының ерекшелігіне қарай толықтырылуы мүмкін.
2. Кеңестің қызметі жариялылық, әділдік, бейтараптық қағидаттарына негізделеді.
3. Кеңес құжаттары білім беру ұйымында белгіленген тәртіппен сақталады.